

«ЗАСТАВА ТАРЛАНДАРЫ»: ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ОТАНҒА АДАЛДЫҚТЫҢ 15 ЖЫЛДЫҚ ШЕЖІРЕСІ

Елімізде әскери-патриоттық тәрбие мен шекаралық дәстүрлерді сақтау жолында елеулі еңбек етіп келе жатқан «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігіне биыл 15 жыл толды. Атаулы күн - күнтізбедегі жай ғана дата емес, шекарашылардың елге, жерге деген сүйіспеншілігінің, антқа адалдықтың, ерлік пен жауынгерлік достықтың көрінісі.



Мерейтой аясында Астана қаласы мен өңірлерде өткен бірқатар тағылымды іс-шаралар елдің рухын көтеріп, өткенге тағзым, болашаққа аманат деген асқақ идеяны ұстанғаны анық байқалды. Астананың қақ төріндегі «Шекарашылар» ескерткіші маңында ұйымдастырылған салтанатты рәсім соның айқын дәлелі болды. Шара барысында ұйым мүшелері ерлікпен қаза тапқан қаруластарын үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қойды. Бұл сәт жауынгерлік достықтың, ұмытылмас ерліктің және шекарашыларға тән мәңгілік рухтың үлгісіне айналды.

Мерейтой шеңберіндегі ең әсерлі сәттердің бірі – «Застава тарландары – 15 жылдық даңқты жол» атты тарихи-естелік кітаптың тұсаукесері болды. Тұсаукесер салтанаты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-патриоттық орталығында өтіп, лентаны генерал-майорлар Хусаин Берқалиев, Тұрсын Уажанов, Марат Мәжітов және Шынтас Утяпов секілді Шекара қызметінің ардақты тұлғалары қиды. Аталған кітап – ұйымның ғана емес, бүкіл шекарашы ардагерлер қауымдастығының естелігі мен даңқын тасқа басқан рухани мұра.

Одан бөлек, Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейінде ұйымдастырылған көрме де қонақтардың ерекше ықыласына бөленді. Көрме барысында отставкадағы полковник С.Секриер ұсынған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шекарашылар ерлігіне арналған сирек жәдігерлер мен фотоматериалдар көрермен назарына ұсынылды. Бұл көрме жас буынға тарих тағылымын сіңірудің бірегей құралына айналды.

«Застава тарландары» бүгінде – тек тарихы терең ардагерлер ұйымы ғана емес, еліміздің рухани шекарасын күзетіп жүрген заманауи, белсенді, әрі ынтымағы жарасқан құрылым. Ардагерлер ұйымы Қорғаныс министрлігі мен қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, жас буынды отансүйгіштікке, жауынгерлік намысқа, парызға адал болуға тәрбиелеуде.

Қазіргі таңда бірлестіктің 1200-ден астам мүшесі бар. Бұл – Отанның алтын қоры. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер, Даманск пен Жалаңашкөлдегі әскери қимылдарға қатысқандар, Чернобыль апаты салдарын жоюшылар бар. Ыстық нүктелерде болған 248 ардагер – шын мәнінде жауынгерлік бауырластықтың, жанқиярлық ерліктің үлгісі.

Ұйым құрамындағы 15



құрылымдық бөлімше – 12 өңірлік филиал мен 3 өкілдік – Қазақстанның барлық аймағын қамтып отыр. Бұл ұйымның ел ішіндегі ардагерлермен тиімді жұмыс істеуіне, олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге, медициналық қолдау

көрсетуге, сондай-ақ қызметтен кейін бейімделуіне мүмкіндік береді.

Ұйымның негізі сонау КСРО МҚК Қызыл Тулы Шығыс шекара округі ардагерлер ұйымынан бастау алып, кейін ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ардагерлер

қауымдастығына айналды. Оның бастауында тұрған генерал-майор Хусаин Берқалиевтің бастамасы нәтижесінде бірлестік нақты құрылымға ие болды. Алғашқы жылдары ұйымның Жарғысы мен нормативтік құжаттары әзірленіп, берік іргетасы қаланды.

Бүгінде «Застава тарландары» – бұл бірлестік емес, үлкен рухани шаңырақ. Онда әрбір мүше өзін біртұтас қоғамның, шекара рухының жаршысы ретінде сезінеді. Ардагерлер әскерге шақырылған жастармен, курсанттармен және жас офицерлермен жиі кездесіп, жауынгерлік тәжірибелерімен, өмірлік тағылымдарымен бөлісіп келеді. Осы арқылы олар жас ұрпақтың бойында Отанға деген мақтаныш сезімін оятып, ерлік пен отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Құрметті шекарашы ардагерлер! Сіздердің өмірлік өнегелеріңіз, қажырлы қызметтеріңіз – ел тыныштығы мен мемлекет шекарасының беріктігінің кепілі. 15 жыл ішінде Сіздер ел тарихының бір бөлшегіне айналып, жас ұрпақ үшін үлгі бола білдіңіздер. Мерейтой құтты болсын! Ұлт рухын ұлықтаған ерлік жолы мәңгі жасасын!

Ардагер шекарашыларға даңқ! Отан қорғаушыларға тағзым!

Подполковник Ж.КЕМЕЛ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



ТАУ ТӨСІНДЕГІ
ШЕКАРА
ТАРЛАНДАРЫ

2



ҚАЗАҚШАСЫ
СУДАЙ БАЛҚАР
ҚЫЗЫ

8



АВТОМАТ
МУКАТАЯ
БАЙЗАКОВА

12

ТАУ ТӨСІНДЕГІ ШЕКАРА ТАРЛАНДАРЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Сарыбөктер» шекара бөлімшесі - еліміздің шығыс қақпасын күзетіп тұрған орны ерекше әскери ұжымның бірі. Аталған бөлімше Көктума ауылдық округіне қарасты, Сарыбөктер сайындағы таулы аймақта орналасқан.

«Сарыбөктер» шекара бөлімшесінің іргетасы 1978 жылы қаланған. Соңғы жылдары бөлімше ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, ғимараттың жаңартылған нұсқасы қолданысқа берілді. Қырағы шекарашылар көрші елмен екі ортаны қырағы күзету қызметін ұйымдастырады. Сонымен қатар, бөлімше аумағында Арқанкерген шекара бекеті орналасқан.

Жазғы уақытта аталған аумақта аңшылық шаруашылығы жұмыс істейді. Ал қыс мезгілінде ауыл шаруалары қойшыларын қыстатады. Табиғаты қатал, тау сілемдері мен терең сайлар сақшылардың жұмысын күрделендіре түссе де, сарыбөктерлік шекарашылар өз міндеттерін мүлтіксіз атқарып келеді.

«Сарыбөктер» шекара бөлімшесін әр жылдары басқарған командирлер ішінде тәжірибелі және білікті офицерлер қызмет етті. Қазіргі таңда бөлімшені аға лейтенант Әбдіхан Серікбай басқарады. Ол Шымкент қаласының тумасы. Шекара қызметінде

он шақты жылдан бері қызметте. Әр жылдары бірнеше шекара бөлімшелерінде қызмет атқарған білікті офицер.

Оның орынбасары - лейтенант Азамат Адас, Алматы облысының тумасы. Арыстан мамандандырылған лицейінің түлегі. Шекара академиясын үздік төмамдаған жылдан бері «Сарыбөктер» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып келеді.

Бөлімшенің старшинасы - ефрейтор Нұрсұлтан Сейілхан мен аға технигі сержант Нұрлан Сартбай да өз істерінің нағыз шеберлері. Шекара тыныштығын қамтамасыз етуде лауазымдық міндеттерін үлкен жігермен атқарып келеді.

«Сарыбөктер» шекара бөлімшесі қызмет атқаратын шекаралық аймақта шекара режимін бұзу фактілері де тіркеліп тұрады. Өткен жылы үш азамат ҚР Әкімшілік құқықбұзушылығы бойынша жауапкершілікке тартылды.

2014 жылдың мамыр айында «Сарыбөктер» шекара бөлімшесі

тарихында есте қаларлық оқиға орын алды. Шекараны заңсыз бұзған тоғыз азамат қолға түсті. Олар Мыңтеке сауын арқылы өтіп, Ырғайты сайында ұсталған. Бұл оқиға шекара бөлімшесінің жоғары дайындықпен жұмыс істейтінін, шекарадан заңсыз өту әрекеттеріне тосқауыл бола алатынын дәлелдеген маңызды оқиғалардың бірі болды.

«Сарыбөктер» шекара бөлімшесі - еліміздің шекаралық қауіпсіздігінің тірегі. Таулы, сайлы, күрделі географиялық аймақта орналасқанына қарамастан, мұндағы шекарашылар өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Майталман офицерлер мен тәжірибелі жеке құрам ел тыныштығы үшін күн-түн демей қызмет етеді. Олардың еңбегі - мемлекеттің шекарасын мызғымас етіп ұстаудың басты кепілі.



**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».**
Сурет шекара
бөлімшесінен.



ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ӨРІЛГЕН 23 ЖЫЛ

Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаменті тарихында ерекше орын алатын бөлімшелердің бірі - «Арлан» шекара бөлімшесі болып табылады. 2002 жылдың сәуір айында негізі қаланған бұл бөлімше биыл өзінің 23 жылдығын атап өтуде. Бөлімше Павлодар облысы, Шарбақты ауданына қарасты Сынтас ауылында орналасқан.



Облыс орталығынан 120 шақырым, ал аудан орталығынан 32 шақырым қашықтықта бой тепкен аталмыш бөлімше - Департаментке ең жақын орналасқан шекара бөлімшесі болып саналады.

Ауылдың инфрақұрылымдық жағдайының нашарлығына қарамастан (байланыс, су, дүкен жоқ, электр жарығымен де қиындықтар болады), «Арлан» бөлімшесінде қызмет ету әскери қызметшілер үшін үлкен мәртебе. Себебі бұл бөлімше негізгі күш шоғырланатын бағытта орналасқан. Демек бұл участок шекара күзетінде ерекше бақылауды қажет ететін аумақ. Мұндағы шекарашылар күнделікті күйбең тірлікке мойымай, шынайы шекара күзетінің нағыз үлгісін көрсетіп келеді.

23 жыл ішінде «Арлан» шекара бөлімшесі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген: 8 рет - «Үздік шекара бөлімшесі», 9 рет - «Үздік кинолог», 5 рет - «Үздік старшина», 4 рет - «Үздік шекара бөлімше бастығы», 3 рет - «Үздік аға технигі», 1 рет - «Бақылау тексеру сабақтарын үздік тапсырған әскери қызметші» атанды. Ал бұл аз десеңіз, 60-тан астам контрабандалық әрекет әшкереленіп, 100-ден астам мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту фактілері дер кезінде тоқтатылған. Осының барлығы ұжымның тынымсыз еңбегінің, өз кәсібіне деген адалдығының айғағы.

Бөлімше бақылайтын аумақ 66 шақырымды құрайды. Бұрын бұл жерде «Маралды» кеден бекеті де жұмыс істеген екен. Алайда ауылдағы халықтың жаппай көшуімен ол жабылып қалған. Соған қарамастан шекара шебіндегі қауіп сейілген емес. Атап айтқанда, бұл аумақта шекара тәртібін жиі бұзуға себеп болатын тұзды «Бура» көлі бар. Оның бір бөлігі Ресей, ал басым бөлігі Қазақстан аумағында орналасқан. Мұнда мекендейтін артемия шаяндары әлемдік нарықта жоға-



ры бағаланады. Осы байлықты заңсыз жолмен игергісі келетіндер шекара тәртібін елемейді. Осы тұста шекарашылардың қырағылығы басты тосқауыл.

Сонымен қатар, бөлімше аумағында үш бірдей халықаралық өткізу пункті орналасқан. Олар - «Шарбақты» (авто), «Шарбақты» (теміржол) және «Найза» (авто) бекеттері. Шекарадан заңды түрде өте алмаған азаматтардың бақылау өткізу пунктінен тыс жерден заңсыз кесіп өтуге тырысуы бөлімше шекарашыларының күнделікті бетпе-бет кездесетін мәселесінің бірі.

Міне, осындай күрделі учаскеде, күреске толы күндермен қатар ерлікке толы жылдарды артқа тастаған «Арлан» шекара бөлімшесі бүгінде шын мәніндегі жауынгерлік рухтың, табандылық пен Отан алдындағы борышына адалдықтың жарқын үлгісі.



**Майор Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР».**
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

АЛҒАЙ - МАХАББАТТАН ТУҒАН МЕКЕН

Бұл мекеннің тарихы ертегі мен шындықтың арасында тербеліп, жүрекке жылу, санаға сағыныш ұялатады. Аты да, заты да табиғатпен үндес. Осынау шұрайлы өлке – махаббатпен басталып, ерлікпен жалғасқан мекен.



Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданына қарасты Қайыңды ауылдық округінде орналасқан «Алғай» шекара бөлімшесі – тарих пен тағдыр тоғысқан ерекше мекен. Бұл киелі жердің бұрынғы атауы – «Березин» еді. Аңызға сәйкес, XVI ғасырда Саратов өңірінде патша Иванның Березина есімді жалғыз қызы өмір сүрген. Сұлу, ақылды әрі жомарт бойжеткенге ел ішіндегі барлық жігіттер ғашық болатын. Березина бірде өз әкесімен бірге өзен

жағасына серуендеуге шығып, қайыңның көлеңкесінде балық аулап, ән салып отырған жас жігітті кезіктіреді. Ол жігіт кедей болғанымен, көрікті және сырлы болатын. Бір көргеннен бір-біріне ғашық болған жастардың махаббаты патша көңілін тебіріктіріп, ол екеуіне өзен бойынан зәулім үй салып беріп, отау тіктірген. Патша кейін осы мекенге барған сайын: «Мен Березинге барамын», – деп айтып отыратын. Осылайша елді мекен «Березин» аталып кетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, елде тарихи әділеттілік орнап, көптеген орысша атаулар қазақшаға өзгертілді. Осылайша «Березин» атауы да табиғатпен үндескен, мағынасына сай «Қайыңды» болып жаңғырды.

Бүгінде Қайыңды – тек шекаралық округ ғана емес, сонымен қатар ұлт мақтанышына айналған тұлғалар туған мекен. Осыған дәлел – бокстан Олимпиада чемпионы, Рио-де-Жанейроны бағындырған Данияр Маратұлы Елеусінов.

Ал бөлімше туралы айтатын болсақ, 2003 жылы Қайыңдыда салтанатты түрде «Алғай» шекара бөлімшесі ашылды. Қыркүйек айында алғашқы шекара наряды қызметке аттанды. Алғашқыда қарапайым ағаш ғимаратта орналасқан бөлімше бүгінде, жаңа әрі үлкен ғимаратта өз қызметін абыроймен атқарып келеді. Қазіргі таңда бөлімшенің тізгінін сенімді қолда ұстаған – аға лейтенант



Қабділмәлік Айдос Ержанұлы. Оның басшылығымен шекара шебін күзетіп жүрген жауынгерлердің дені – туған жердің түлектері. Олар үшін бұл қызмет – тек парыз емес, жүрек қалауымен атқарылатын қасиетті міндет.

2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі ұйымдастырған «Картамен топографиялық бағдарлау» жарысында «Алғай» шекара бөлімшесі 1-орынға ие болып, үлкен

жетістікке жетті. Бұл – тек бір мекеменің ғана емес, тұтас ауылдың, бүтін елдің абыройы деп білеміз.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

НА СТРАЖЕ БЕЗОПАСНОСТИ СТРАНЫ

Пограничное отделение «Баян Батыр» расположено в одном из старейших сел Северо-Казахстанской области - в населенном пункте Каракога.



Открытую в далеком 2003 году пограничное отделение возглавляет капитан Ерасыл Наурызбай. Окончивший в 2019 году Пограничную академию, офицер совместно с подчиненным личным составом обеспечивает спокойствие и порядок на отведенном участке государственной границы.

Пограничное отделение «Баян Батыр» по итогам служебно-боевой деятельности не раз становилось лучшим подразделением Департамента ПС КНБ по СКО, о чем свидетельствуют дипломы 2016, 2020, 2022, 2023 годов.

Пограничные наряды изо дня в день показывают высокие результаты служебно-боевой деятельности и с начала года уже задержали 4 нарушителя режима границы и 50 нарушителей пограничного режима.

Но не только службой славится подразделение. Особое внимание Наурызбай Арыстанұлы уделяет и культурно-досуговым мероприятиям. Так, 13 фев-

раля, в честь вывода советских войск из Афганистана, силами пограничного отделения был подготовлен праздничный концерт, на который были приглашены проживающие в районе ветераны-афганцы. В ходе мероприятия прозвучали слова искренней благодарности за внесенный вклад в дело защиты Родины и пожелания спокойного неба над головами казахстанцев.

Конечно же, в проводимых пограничниками мероприятиях активно участвуют сотрудники сельской администрации, руководители школ, библиотек и дома культуры. В пограничном отделении на постоянной основе проводятся дни открытых дверей, соревнования по военным видам обучения с привлечением учеников школ – участников клуба «Жас шекарашы». Военнослужащие пограничного отделения стараются оказать посильную помощь всем, кто в ней нуждается и не оставляют без внимания и заботы сельских старейшин и одиноко проживающих пенсионеров.

Мы уверены, что военнослужащие пограничного отде-



ления «Баян Батыр» и в будущем будут с честью исполнять свой долг по защите священных рубежей нашей Родины, являясь примером сплоченности, единства и беззаветного служения своему делу.



Майор Д. УТЕБАЕВА, «ОС-ЧР».
Фото из подразделения границы.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ – «БАРЛЫҚ АРАСАН»

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы шекара басқармасының «Барлық арасан» шекара бөлімшесі — еліміздің шығыс шекарасындағы тыныштық пен тұрақтылықтың тірегі. 1968 жылдан бері мемлекеттік шекараны қорғап келе жатқан бұл бөлімше шекара сақшыларын тәрбиелеу мен жас буынды отансүйгіштікке баулуда маңызды рөл атқарып отыр.



Бөлімше Мақаншы ауданының Барлық арасан ауылдық округінде орналасқан. Тарихи тұрғыда шекара күзету ісіне атсалысып келе жатқан бұл мекеме — ел шебінің тыныштығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік шекараның беріктігін нығайтып отырған іргелі құрылым. Ауыл тұрғындары да шекарашылармен тығыз байланыста, бұл өз кезегінде ел мен жерге деген құрметтің белгісі.

Бөлімшенің географиялық орналасуының — стратегиялық маңызы зор. Алакөл бағыты арқылы өтетін маңызды шекара сызығын күзететін бөлімшеде жеке құрам толық жасақталған. Инженерлік құрылымдармен, заманауи техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жауынгерлердің күнделікті жаттығулары, жауынгерлік дайындықтары — шекара шебіндегі тәртіп пен кәсібиліктің кепілі.

«Барлық арасан» шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараны қорғау бойынша өзіне жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде атқарып келеді. Әрбір заңсыз әрекетке тосқауыл қойып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету — басты бағыт. Заңнама мен нормативтік актілер негізінде күнделікті қызмет сауатты түрде ұйымдастырылады.

Әскери қызметшілер өздерінің кәсіби даярлықтарын ұдайы шыңдап отырады. Сабақ кестесіне сай өткізілетін жаттығулар, тактикалық сабақтар мен әскери машықтану — жауынгердің ептілігін арттырып, рухын көтереді. Бұл

бөлімшеде қызмет ету — патриоттық пен қайсарлықтың нақты көрінісі.

Бөлімше қызметі тек әскери саламен шектелмейді. Барлық арасан мен Қарабұлақ ауылдық округтерімен бірлесіп, түрлі мәдени, патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Елдің шекарасын күзетумен қатар, «Барлық арасан» шекара бөлімшесі жастармен тығыз жұмыс істеп келеді. Әскери-патриоттық бағыттағы түрлі іс-шаралар, мектеп оқушыларымен кездесулер, ашық есік күндері — барлығы ел болашағын тәрбиелеуге арналған нақты қадамдар.

Бөлімше шекарашы мамандығының маңызын түсіндірумен қатар, жастарға Отан алдындағы борыш ұғымын терең ұғындыруды мақсат етеді. Жасөспірімдерге арналған шеберлік сабақтары, шекарашылармен бір күн өткізу секілді жобалар патриоттық рухты оятуға жол ашады.

Шекара қызметінің беделін арттыру, елін сүйетін, тәртіпті де тәрбие көрген жас ұрпақты қалыптастыру — бұл бөлімшенің күнделікті миссиясының бір бөлігі. Шекарашылардың күнделікті өмірімен танысқан жастар болашақта осы мамандықты таңдауға ниет білдіріп жатады.

Себебі, Отан шебінде қызмет ету — жүрек қалауы мен елге деген шынайы сүйіспеншіліктің белгісі.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республи-

касы арасындағы шекараның белгілі бір бөлігі «Барлық арасан» шекара бөлімшесіне тиесілі. Ұзындығы 13,1 шақырымды құрайтын бұл учаскеде екі ел арасында бірлескен шекара күзету жүйесі жүзеге асырылып келеді.

Мұндай халықаралық деңгейдегі әріптестік — шекара қауіпсіздігіне деген ортақ жауапкершіліктің көрінісі. Бірлескен жаттығулар, ақпарат алмасу, үйлесімді өзара іс-қимыл — бұл сенімді шекара күзетінің маңызды элементтері.

Бөлімшенің офицерлік құрамы мен жеке құрамы шекараны күзету барысында заманауи техникаларды тиімді қолдана отырып, әрбір жағдайды бақылауда ұстайды. Бұл — тек шекараны күзету ғана емес, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы сенімді қарым-қатынастың айғағы.

Осы бағыттағы тығыз байланыс болашақта да бейбіт әрі берік шекараны қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Жас сарбаздармен жұмысты жүйелеу — бөлімшенің басты бағыттарының бірі. Әскери-патриоттық іс-шаралар, жастармен кездесулер мен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде өткізіледі. Шекара қызметіне деген қызығушылықты арттырып, отан қорғаудың абыройлы іс екенін ұғындыру — тәрбиенің негізі.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Айдар Қайратұлы — Жетісу облысы, Ақсу ауданының тумасы. 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара Академиясын аяқтап, алғашқы әскери қызметін дәл осы бөлімшеде бастады. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап бөлімшеге басшылық етіп келеді. Отан алдындағы борышты адал өтеуді азаматтық парызы деп біледі.

Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Данияр Аблайұлы Жанбырбаев — Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 2023 жылы Академияны тәмамдап, қазіргі таңда «Барлық арасан» бөлімшесінде маңызды лауазым атқарып келеді. Білімі мен тәжірибесін жас сарбаздарға үйретуді өзінің басты міндеті санайды.

«Барлық арасан» шекара бөлімшесі — Отан шебін қорғаудағы сенімді қорған. Ел тыныштығы мен халықтың бейбіт өмірі осы әскери бөлімшенің де еңбегімен тығыз байланысты. Мұндағы сарбаздар мен офицерлер — ел намысының қорғаушылары. Олар үшін шекара күзету — міндет қана емес, үлкен мәртебе!



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР».**
Сурет шекара
бөлімшесінен.

«ҚАРАСАЙ БАТЫР» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ – ТӘРТІП ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Қордай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарасай батыр» шекара бөлімшесі — Қордай ауданының берік қалқаны, тыныштықтың тірегі. Шекарадағы тынысы мен ел ішіндегі тұрақтылық үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген шекарашылардың арасында бұл бөлімше үздіктер қатарынан табылса, артық айтқандық болмас.

2025 жылдың алғашқы тоқсанында шекара шебінде бірнеше құқықбұзушылық әрекеттер тіркелді. Алайда бөлімше сарбаздары 45 жылқы мен 59 ірі қара малды шекарадан заңсыз өткізбек болған контрабандалық әрекеттердің алдын алып, заңға сәйкес құзырлы органдарға тапсырды. Бұл — жай ғана заң бұзушылықты тоқтату емес, бұл — шекара қауіпсіздігін сақтаудағы нақты әрекет.

Бөлімшеде күнделікті қызмет нақты тәртіппен және тәуліктің әр сәтін қамтитын кестемен ұйымдастырылады. Шекаралық нарядтар — бекітілген бағыттар бойынша жаяу және көлікпен күзетке шығады. Таулы аймақ болғандықтан, кей учаскелерге жету де оңай емес — сарбаздар жаяу жүріп, қия-құзды аралап, шекара шебін қатаң қадағалайды.

Осындай нәтижелі қызметімен ерекшеленіп жүрген шекара бөлімшесінің бастығы — аға лейтенант Оразқан Еркін Қанатұлы. Оның басшылығымен бұл бөлімше темір-

дей тәртіп пен әділ басшылықтың үлгісін көрсетіп келеді. Ол — сарбаздарға тек бұйрық беруші ғана емес, қажет сәтте бағыт-бағдар көрсететін аға, тірек бола алатын жетекші.

«Қарасай батыр» шекара бөлімшесі — бейбіт күннің білінбей атқарылып жатқан қызметінің куәсі. Бұл — көпшілік байқамайтын, бірақ ел тыныштығы үшін күн сайын жауапкершілік арқалап жүрген шекарашылардың мекені. Мұнда шынайы тәртіп, табандылық пен тиянақтылық ұштасып жатыр. Таудың тынысын тыңдап, шекара шебін сезінген сарбаз үшін әр таң — жаңа кезекшілік, әр түн — сергек бақылау.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР».**
Сурет шекара
бөлімшесінен.



АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚЫЗМЕТ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ, ҚОРДАЙ МАҚТАНЫШЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының арнайы мақсаттағы бөлімінің күннің алғашқы нұрымен бірге түнгі тыныштықты сақтап тұрған әскери қызметшілерінің ерен еңбегі көз алдымызға келеді.



Қордай елді мекенінде орналасқан бұл бөлім – күре жолдың күретаымыры, шекараның шетін күзеткен, ел тыныштығының тірегі. Жауапкершілік жүгі ауыр бұл бөлім қашан да қырағы, кез келген жағдайға дайын тұруымен ерекшеленеді. Шекараның кез келген нүктесінде жағдай ушығып кетсе, осы бөлімнің сарбаздары алғашқылардың бірі болып жұмылдырылады. Олар үшін шақырымдардың маңызы жоқ – маңыздысы мемлекет межесі, тыныштығы мен тұтастығы. Қыстың қаһарына да, жаздың аптабына да қарамастан, олардың рухы биік, жүзі өткір. Себебі олар – дайын-

дықтың шыңына жеткен кәсіби мамандар. Арнайы мақсаттағы бөлімнің әскери қызметшілерінде – үнемі қозғалыс, жаттығу мен дайындық. Олар үшін таңертеңгі тыныс – тек жаттығудан басталады. Бірақ бұл жай ғана спорт емес, бұл – темірдей тәртіп пен төзімділіктің ордасы. Әр қимыл, әр әрекет – болашақтағы қауіпсіздіктің кепілі. Арнайы тактикалық әдістерді меңгерген әскери қызметшілер үшін шекара аумағындағы жағдай – тек сынақ емес, сол дайындықтың нәтижесін көрсететін мезет. Жоғары дайындық – олардың өмір сүру салтына айналған ұғым. Тосыннан

туындайтын кез келген қауіпке қарсы тұра білу үшін олар әр күнін нағыз күрескер ретінде өткереді.

Арнайы мақсаттағы бөлімнің жаттығулары – тек дене күшімен ғана емес, ақыл мен психологияға құрылған жүйе. Әртүрлі қаруды меңгеру, дәлдікке жету, командалық бірлікті сақтау – олардың күнделікті машығы. Әрбір сарбаз өз орнын, өз міндетін біледі. Жауынгерлік рух – олардың басты қаруы.

Арнайы мақсаттағы бөлім сарбаздарына қарап отырып, нағыз батырлықтың үнсіз ғана атқарылатын іс екенін түсінесің.

Олар даңқты ұрандар айтпайды, көптің алдына шығып мақтанбайды. Бірақ шекара бойында тыныштық орнаса, соның артында олардың тынымсыз еңбегі, маңдай тері жатқанын сезінесің. Ел мен жердің қасиетін сезінетін бұл бөлімнің сарбаздары – бүгінгі тыныштықтың тірі қалқаны, келешектің сенімді қорғаушысы.

**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР»
Суреттер шекара
басқармасынан.**

ҚҰМ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰЛАНДЫ

Арал теңізі ғасырлар бойы планетамыздың ең үлкен континенттік су тоғаны ретінде белгілі болған. Алайда, қазіргі уақытта теңіздің суы тартылып, орыны құм дала мен шөлге айналып, төрт мезгілі адам төзгісіз жағдайға ұшырауда.

Экологиялық дағдарысқа ұшыраған теңіздің Қазақстан мен Өзбекстан шектесетін аймағында Мемлекеттік шекараның тұтастығын қорғайтын «Құланды» шекара бөлімшесі орналасқан. Небәрі Арал теңізінен 5 шақырымда орналасқан шекара бөлімшесінің тарихы сонау 2003 жылдан басталады. Бөлімшенің атауы Арал теңізіне жақын орналасқан Арал ауданының Құланды ауылының атымен аталған. 2021 жылға дейін «Құланды» шекара бөлімшесі ҚР ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Бейнеу шекара басқармасының қарамағында болған. Алайда, Шекара қызметі бойынша өткізілген ауқымды реформа аясында «Құланды» шекара бөлімшесінің шекараны күзету аумағы Ақтөбе облысының оңтүстігінде орналасу себебінен, 2021 жылдың қыркүйек айында ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Шалқар» шекара бөліміне берілді.

Қазіргі уақытта «Құланды» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Елдос Жарасұлы Қожахметов. Аталған офицер 2021 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіргеннен кейін, қызметін атқаруға ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Әйтеке би» шекара бөлімшесіне



жіберілген. Қазақ-ресей шекарасында білімін шыңдаған жас офицер, 2025 жылдың қаңтар айында қызметін одан ары жалғастыру мақсатында қазақ-өзбек шекарасына ауыстырылды.

Бөлімше бастығының айтуынша, «Құланды» шекара бөлімшесінде келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің қызметтерінің кестесі вахталық әдіспен ұйымдастырылған. Бөлімшедегі жауынгерлік қызмет 20 күнге созылып, 10 тәулік демалыс беріледі. Демалыс күннің арқасында жеке құрамның моральдық – психологиялық жағдайы

тұрақты және олардың қызмет етуге деген ынталары айтарлықтай жоғары. Аймақтың ауыр климаттық жағдайына қарамастан бүгінгі күні Шекара қызметіне келісім-шарт бойынша қызметке орналасқысы келетін жас үміткерлердің «Құланды» шекара бөлімшесіне жұмысқа кіруге қызығушылықтары арта түскен. Сонымен қатар, «Құланды» шекара бөлімшесінде әскери қызметшілердің қызмет атқаруларына барлық қажетті әлеуметтік – тұрмыстық жағдайлар қарастырылған. Шекарашылардың отбасыларына арналған пәтерлер,

олардың барлығы тұрмысқа және қызметке қажетті жиһаз, техникалармен жабдықталған.

Шекара бөлімшесінің құрамына «Жігер», «Бұлақ» және «Құланды» техникалық бақылау топтары қарайды. Аталған техникалық бақылау топтарында үздік әскери қызметшілер қызмет атқарады. Оған дәлел ретінде, «Бұлақ» ТБТ-ның топ бастығы – радиолокациялық станция бастығы кіші сержант Бекзат Төлегенұлы ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2024 жылдың қызметтік және жауынгерлік іс-қимыл қорытын-

дысы бойынша «Үздік мобильдік топ» бастығы атанды. 2022 жылдың қызметтік және жауынгерлік іс-қимыл қорытындысы бойынша «Бұлақ» ТБТ «Үздік техникалық бақылау тобы» болып танылды.

Сонымен қатар, «Құланды» шекара бөлімшесінің жеке құрамы аудандық спорт жарыстарына белсене қатысады. Кіші футболдан Шалқар аудандық мекемелер арасында өткізілген жарыста шекара бөлімшесінің жеке құрамы 2-ші орын иеленді.

Департаменттің жеке құрамы арасында қазақша күрестен өткізілген жарыста «Құланды» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Серікболсын Нағмадинов 2023 жылы жұлделі 1 – ші орын, 2024 жылы 2-ші орыннан көрінді.

2024 жылы «Құланды» шекара бөлімшесінің учаскесінде әр түрлі заң бұзушылықтардың 5 дерегі анықталып, заң бұзушылар әкімшілік жазаға тартылды.

Осындай жауапты міндетті ел тыныштығы үшін арқалаған, 24/7 мезгіл көз ілместен қызмет ететін шекарашылардың еңбегі ерен. Шекара қызметінің қиындығы мен абыройын қатар сезінген, елдің амандығы мен шекара шебінің тыныштығын сақтауда «Құланды» шекара бөлімшесі – ерлік пен адалдықтың нышаны!

**Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

КЕШЕГІ – САРБАЗ БҮГІНГІ – МАЙТАЛМАН МАМАН

Соңғы жылдары ҰҚК Шекара қызметінде мерзімді әскери қызметтен соң келісімшарт негізінде қызметін жалғастырған қырағылардың қатары қалың. Әрине бұл көңіл қуантатын жайт. Жыл он екі ай шекараның ыстығына күйіп, суығына тоңған толағайлар Мемлекеттік шекара күзету ісіне жаңа леп әкелері даусыз. Себебі бабалар аманаты болып сипатталатын қастерлі шекара шақырымдары бейбіт күн батырларының ақ адал қызметіне зәру. Және мұндай мамандардың қызмет қатарын толықтыруға қызметтегі жетекші мамандардың жүйелі жұмыстарының еш кетпегенін аңғартса керек. Мұндай тақырыпты қозғар болсақ, басты кейіпкерлер ортамыздан ойып тұрып орын алған. Солардың бірі – қатардағы Ертілек Жақсылық.

Ертілек Асылбекұлы 2004 жылы Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде дүниеге келген. Батырлар өлкесінде толғатқан ұл әскери азамат болуға бала күннен бағыт іздеген. Шекарашының бүгінгі бет алысын бағамдасақ, алып арманның адастырмағанын айқын аңғарасыз. Ол «Көктем – 2023» шақырылымында әскери өмірдің табалдырығын алғаш аттап, айбынды сарбаз атанған. Департамент құрамындағы техникалық және кәсіптік даярлау бөлімшесінде шыңдалғаннан кейін, «Евразия» шекара бөлімшесінде Отан алдындағы борышын абыроймен өткерген. Әскерден алғыс арқалап аттанғаннан кейін көп ұзамай келісімшарт бойынша қызметін жалғастыруға талап білдірген. Соның нәтижесінде 2023 жылдың наурызында келісімшарт бойынша қызметке тағайындалып, «Күзет» тобының аға атқышы лауазымында алғашқы қызмет жолын бастаған. Аталмыш лауазымда күні бүгінге дейін міндетін мүлтіксіз атқарып, үлгілі қызмет биігінен көрініп келеді.

Жастық ерік-жігерді жанарынан ұқтырған жас жауынгер сарбаздар қатарында сап түзеп жүрген сәттен-ақ болашағы жарқын әскери қызметші болатынынан ақпар берген. Мұны өзінің қатарлас қаруластары да жарыса айтатын. Тәулік бойы толассыз тосқауылдарды жүзеге асыратын «Евразия» шекара бөлімшесінде шыңдалған ұл қазіргі таңда «Күзет» тобында ілкімді істердің бел ортасында мәртебелі міндет жүктеп жүр.

– Мен осы Атыраудың тумасымын. Осында туып, осында білім алып, мерзімді әскери қызметті де осында өткердім. Осындай мүм-



кіндік бергені үшін Шекара қызметінің басшылық құрамына алғысымды жеткізім келеді. Мерзімді әскери қызметтен кейін, көп ойланбай қызметті одан әрі келісімшарт негізінде жалғастыруға талап білдірдім. Департамент қабырғасындағы жауаптылардың кең қолдауымен қызметке тағайындалып, айбынды шекарашы атандым. Мұның барлығы мен жасаған жоспарлы қадамдардың жемісі хәм жеңісі деп есептеймін. Мерзімді әскери қызметті «Евразия» шекара бөлімшесінде өткердім. Осы орайда шекара бөлімшесінің бастығы капитан Нұрлан Сағындықұлына білікті басшылық еткені үшін алғысымды білдіргім келеді. Шекара шебінде тәжірибесі толысқан сардар қызмет барысында білгенімен бөлісіп, қызметке деген сүйіспеншілік сезімін оятты. Соның нәтижесінде қызметті одан әрі келісімшарт негізінде жалғастыруды ұйғардым. Ұлы бабаларымыздың ізін жалғап, айбынды шекарашы болу – мен үшін үлкен мәртебе, - дейді қатардағы жауынгер Ертілек Асылбекұлы.

«Мүмкіндіктер мекені». Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметін жалпақ жұртқа осылай таныстыруымыз көпке таңсық емес. Мұны соңғы жылдары шекарашылар қатарын толықтырған сарбаздар дәлелдесе керек. Қызметке келіп, қанаты қатайған қырағылар жауапты қызметтің және бір жаңа қырын ел азаматтарына көрсете білді. Бұл да жылдар бойы жүзеге асып жатқан іргелі жұмыстардың оң нәтижесі.

**Капитан
Б. ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».**
 Суретті түсірген автор.

МАСТЕР-КЛАСС ДЛЯ НОВОБРАНЦЕВ

В Департаменте Пограничной службы КНБ по Мангистауской области на базе первого дивизиона береговой охраны прошли показательные занятия для новобранцев призыва «Весна-2025», а также учеников городской школы №1 г. Актау и студентов Мангистауского колледжа туризма и спорта.



Цель мероприятия – воспитание у личного состава уверенности в выполнении задач по защите и охране государственной границы, демонстрация вооружения и военной техники, применяемых в Пограничной службе КНБ РК, повышение интереса молодежи к воинской службе.

– В рамках демонстрации молодым солдатам были наглядно представлены образцы военной техники, стрелкового оружия, прицелов, приборов ночного видения и водоплавающего оборудования. Специалисты-кинологи продемонстрировали задержание и обезвреживание условного нарушителя государственной границы с помощью служебной собаки, – прокомментировал заместитель командира первого дивизиона береговой охраны по ВИКР подполковник Султан Баймагамбетов.

По словам офицера, впереди молодых солдат ожидает второй этап курса начальной военной подготовки. На этом этапе новобранцы изучат основные предметы боевой и специальной подготовки, включая стрельбу из стрелкового оружия, метание боевых

гранат и тактические занятия по борьбе с бронеобъектами противника.

Молодым солдатам и приглашенным гостям очень понравилось мероприятие. Наибольший интерес вызвали работа кинологов и учебно-тренировочная станция по борьбе за живучесть корабля.

Стоит отметить, что по завершении курса молодые солдаты примут военную присягу и будут распределены в подразделения границы согласно полученным специальностям. Всего в этом году в Департамент прибыло свыше 200 призывников из Мангистауской, Кызылординской, Туркестанской, Актобинской и Западно-Казахстанской областей и города Шымкента.

**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото автора.**

ЖҮРЕГІМЕН ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ МЕЦЕНАТ ӘИЕЛІ


Гүлшахара Баймұратқызы Досымбекова 1900 жылы Ресейдің Омбы қаласында дүниеге келген. Әкесі Баймұрат Досымбеков — дәрігер, ағартушы, қазақтың фольклорын жинаушы, зиялы орта өкілі. Анасы Кәнипа — тәрбие көрген, парасатты әйел болған. Гүлшахара үш қыздың көнжесі еді: әпкелері Сара мен Файни-жамал да заманында сауатты, мәдениетті әйелдер болған.

1917 жылы Омбы гимназиясын үздік бітіріп, кейін Омбы ауылшаруашылық академиясында білімін жалғастырады. Жасынан оқу-білімге, қоғамдық іске бейім Гүлшахараның тағдыры ерте қалыптаса бастады.

Ол қазақ жастарының «Бірлік», «Жас азамат» ұйымдарының белсенді мүшесі ретінде ұлттық қозғалыстарға қатысып, жастардың оянуына әсер еткен. Қаржы жағынан да көмектесіп, газет-журналдардың шығуына, студенттердің оқуына, қоғамдық жобаларға қолдау көрсеткені мәлім. Бір мысал — 1919 жылы қайырымдылық кешінде өзі таққан күміс жүзігін аукционға қойып, түскен қаражатты «Абай» журналы мен мұқтаж шәкірттерге арнайды. Бұл — қазақ тарихында тіркелген алғашқы меценаттық әрекеттердің бірі.

1923 жылы Петропавлда мұсылман балалар үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Тарих беттерінде аты алтынмен жазылуға лайық, бірақ көпшілікке беймәлім тұлғалар болады. Солардың бірі — XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің ішіндегі ең қайраткер, жүреппен ұлтқа қызмет еткен алғашқы меценаттардың бірі — Гүлшахара Досымбекова.



Ол басқарған мекеме — өздігінен қаржыланып, балаларға ана тілінде білім берген тұңғыш тәжірибелердің бірі.

1924 жылы Ахметсафа Юсуповқа тұрмысқа шығады. Юсупов — Алаш қозғалысының мүшесі, «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкері. Әкінішке қарай, 1929

жылы ол тұтқындалып, 1930 жылы жазықсыз атылып кетеді. Жесір қалған Гүлшахара қызы Айсұлмен бірге Қырғызстанның Талас өңіріне көшіп барады.

Бірақ өмірдің ауыртпалығы мен жоқшылық оны ерте шаршатады. 1933 жылы небәрі 33 жасында сүзек ауруынан қайтыс болады.

Тек соңғы жылдары ғана тарихшылардың, соның ішінде Гүлнар Мұқанованың еңбегінің арқасында Гүлшахара есімі қайта жаңғыра бастады. XX ғасырдың басындағы оның ағартушылық, қайырымдылық және қоғамдық қызметтегі үлесі аса маңызды деп танылды. Ол Қазақстан тарихында әйелдер көшбасшылығы мен меценаттықтың символына айналды.

Гүлшахара Досымбекова — халқына қалтқысыз қызмет еткен, жүрегімен ұлтына жан берген қазақ қызы. Ол — қазақ әйелдерінің алғашқы толқынының арасынан шыққан қайсар тұлға. Тек асқан парасат иесі ғана емес, нағыз жүреппен жасаған меценат.

Бүгінде оның есімі тарихта сирек аталғанымен, оның ізі қазақ руханияты мен қайырымдылық мәдениетінде қалды. Қазақ қоғамында әйелдің тек үйде емес, ұлттың тағдырына тікелей әсер ететін тұғырлы рөл атқара алатынын дәлелдеген Гүлшахара — бүгінгі аруларға үлгі боларлық есім.

**Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР».**
Сурет
ғаламтордан.

КӨРМЕ

ҚАЗАҚЫ ИТТЕР – ШЕКАРА КҮЗЕТІНДЕ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасында ел шебіне қызметтік иттерді даярлаумен ғана айналыспайды. Бүгінгі таңда мұнда қазақ халқының ұлттық брендіне айналған тазы мен төбеттерді де кездестіруге болады. Атап айтарлығы, шекарашы кинологтар күшік кезінен машықтандыруға кіріскен бұл иттер Алматы қаласында өтіп тұратын көрмелерде жүлделі орындарды иеленіп те үлгерді.

Тоқталатын болсақ, жақында «Жеті қазына» тазы және төбет ит өсірушілер қауымдасының арнайы шақырту алған басқарманың кинолог мамандары «Тазы және төбет тұқымды иттерінің республикалық көрмесі – 2025» көрмесіне қатысты. Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласынан келген халықаралық санаттағы төреші-сарапшысы К.Болишов төрелік еткен көрмеге еліміздің бас қаласынан және Түркістан, Жамбыл облыстарынан 70 ит қатысты. Республикалық деңгейдегі жиынның мақсаты, таза тұқымды иттер өсірумен айналысушылардың бір-бірімен тәжірибе алмасуларына мүмкіндік жасау, олардың жетістіктерін паш ету және іріктеу.

Лайықты бағасын беру керек, осындай ауқымды жиындарға қатысуды біртіндеп дәстүрге айналдырып үлгерген басқарма кинологтары бұл жолды да жеңімпаздардың қатарынан көрінді.

Бұл — қызмет итінің аға нұсқаушысы, кіші сержант Жандос Қуандыққа бекітілген қазақ төбеті Таймас екі жасқа дейінгі төбеттердің арасынан дараланып, бірінші орынды жеңіп алды. Ал қызмет итінің аға нұсқаушысы, ефрейтор Фани Жекебатырдың қызметтік иті Сақшы 2-ші орынды иеленді.

Тазылар арасында өткен сайыста қызмет итінің нұсқаушысы, ефрейтор Мұстафа Абыханның қызметтік иті Шолғын мәреге екінші болып келді.

Жалпы, 18 бен 24 ай аралығындағы иттер көрмесінде Қызметтік кинология басқармасының тазылары мен төбеттері дене бітімдерінің стандарты, қимыл-қозғалысы, мінез-құлқы және арнайы дайындығы жағынан жоғары бағаға ие болды. Шекарашылар төбеттердің күзет және қорғау саласындағы мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл иттер шекара күзетінде қолдануға лайық екендігін дәлелдеді.

Тазыларға тоқталатын болсақ, жіңішке, ұзын сымбатты дене бітімдерімен ерекшеленетін бұл иттер де өздерінің жоғары жылдамдығы мен иіс сезу қабілетімен шекаралық бақылау мен із кесу жұмыстарына тиімді екендігі атап өтілді. Ең бастысы, көрме — Шекара қызметінің кинологтары үшін қазақы ит тұқымдарының қызметтік әлеуетін бағалау және оларды мемлекеттік шекара күзетінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу үшін маңызды алаң болғанын айтуымыз керек.



Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген сержант
Д. МЫРЗАҒҰЛОВ.



ҚАЗАҚШАСЫ СУДАЙ БАЛҚАР ҚЫЗЫ

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Шекара қызметінде ғана емес, ҰҚК органдары арасында да танымал. Біздің ана тілімізде таза сөйлейтіні үшін ғана емес, шекарашы қыз жыл сайын Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай, алдымен Шекара қызметінің аясында, содан кейін міндетті түрде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Орталық аппаратында өтетін жарыстарға қатысып, міндетті түрде жүлделі орынды қанжығасына байлап келетіні үшін. Бұған өзге шығармашылық сайыстарды қосыңыз!..

...Бұл – ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» жабдықтау басқармасының медициналық және ветеринарлық мүліктерді сақтау қоймасының бастығы сержант Жаннет Чочаева. Балқар ұлтының қызы шекарашылар сапында 2008 жылдан бері. Дәлірегі, ол үстіндегі әскери форманы осы жылы киді. бұл туралы бүгінгі мақаламызда егжей-тегжейлі айтатын боламыз. Алдымен балқар қызының қазақ тілін қайдан үйреніп жүргені жайында. «Ой, мен Кегеннің Қарқара деген ауылынанмын ғой. Нағыз қазақы орта. Тарихы да бөлек. Міне, мен осындай тамаша ортада туып, өстім. Алдымен қазақ балабақшасына содан кейін қазақ мектебіне бардым. Араласқан достарым да қазақтың ұл-қыздары болатын. Сондықтан қазақ тілін еркін меңгеру – мен үшін қиынға соққан жоқ. Керісінше, басқалардың алдында менің беделімді көтеріп, мерейімді асырды», – дейді Жаннет Барисқызы ағынан жарылып.

Лайықты бағасын беру керек, Жаннетпен сұхбаттаса келе, оның өміріндегі ең бір ерекше оқиғаларға тап болдық. Мәселен, ол алғаш рет барған балалар бақшасы қазір Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарқара» шекара бөлімшесінің ғимараты саналады. Әрине, ескі, дегенмен, шекарашылардың ел шебін күзету ісіне әбден жарап тұр. Тағы бір дерек, осы аптада, дәлірегі 16 сәуір күні – Жаннет Барисовнаның Шекара қызметіне келгеніне тура 17 жыл толды. Ол мұнда келердің алдында Талғар медициналық колледжін қызылға бітіріп, оңтүстік астанадағы Ұлы Отан соғысының



ардагерлеріне арналған емханада көз дәрігерінің көмекшісі – медбике болып жұмыс істеген болатын.

– Осында біраз тәжірибе жинаған соң, енді өзімді басқа қырымнан байқап көргім келді. Өйткені, тау халқы, таулықтар үшін туған жердің әр тасы қасиетті, әр шыңы – аманат. Таулықтың рухы – жартас секілді мызғымас, самалы – еркіндіктің лебі, ал үні – биіктікке шақырған дала жыры. Со-сын да болар, әйел халқынан бола тұрып, өзімді шекарашылар сапынан көргім

келгені. Оның үстіне өзім жұмыс істеген емханадағы көз дәрігеріне қаралуға келген ардагерлер де менің жүріс-тұрысым мен мінезіме қарап: «Сен нағыз командирсің», – деп әзілдейтін. Мұндайда мен де қалыспай:

– Ата, осыдан көр де тұрыңыз, мен де сіз секілді әскерде қызмет ететін боламын, – дейтінмін. Сол айтқаным келіп, істеп жүрген жап-жақсы жұмысымды тастап, сол кездегі 2458 әскери бөлімінен бір-ақ шықтым. Алдымен қызметші – медициналық және дәрі-дәрмек қоймасы бастығының көмекшісі болып жүрдім де, 2008 жылы әскери қызметші атандым. Ал осынау атты күнге жеткенше асыққанымды білсеңіз ғой, – деді Жаннеттің осыдан 17 жыл бұрынғы көңіл кесесіне сыймаған қуанышын жасыра алмай, күлімдеп.

Ал республикалық деңгейдегі жарысқа алғаш рет 2007 жылдың қыркүйегінде қатысқанын айтады. Бұл – өзге ұлт өкілдерінің ішінен біздің ана тілімізде таза сөйлейтін, шығармашылыққа жақын шекарашылар көптеп қатыса бастаған Қазақстан халықтары Тілдерінің күні мерекесіне арналған сайыс болатын.

– Ол кезде мен әлі әскери қызметші атана қоймағанмын. Бір күні басқарманың бас төлімгері мені өзіне шақырып алды да, менімен тек қана қазақ тілінде сөйлесті. Тегімді, шыққан жерімді, ата-анамды сұрады. Мен сардардың сауалдарына тоқтаусыз жауап беріп жатырмын. Тіпті бар ғой, өзімді таулық емес, дүниеге қазақ болып туғандай сезініп кетсем керек, – деп біздің әріптес лекіте күліп алды. Ақырында, өзінің іздегенін көктен емес, жерден тапқан болуы керек, жүзі жылып сала берген сардар маған жақында мемлекеттік тілді ұлықтайтын мерекеге орай сайыс өтетінін, соған біздің ұжымның атынан қатысатын командаға мені қосатынын айтты.

... Осылайша, балқар қызының жұлдызды сәті де туған. Бәрінен де сол жолы бас төлімгер қателеспепті, Жаннет Шекара

қызметінің аясында өткен сайыста бірінші орынды жеңіп алып, атағы аспандап шыға келіп еді. Бұдан кейін хакім Абайдың 165 жылдығына арналған жарыс, Рәміздер күніне орай ұйымдастырылған сайыс... Осы жылдардың ішінде шекарашы қыз осылай тізіліп кете беретін аламан бөйгелердің бірде біреуінен жүлдесіз оралып көрген жоқ. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ең мықты деген сайыскерлерінің ортасында маңдайы жарқырап тұрған.

Жаннеттің бағы жанған тағы бір жұлдызды сәтінде қыздың иығына шен тағылғаны. Әрине, офицердің алғашқы қос жұлдызы емес. Мүмкін, ол үш жыл қатарынан қайта-қайта тапсырып жүріп, Алматының Сейфуллин даңғылындағы болашақ дәрігерлердің жоғары оқу орнына түсіп кеткенде бар ғой, тағдыры басқаша өрілген болар ма еді... Өкінішке орай олай болған жоқ. Есесіне, қыз шекарашы атанып, қазақ халқының салты мен дәстүрін дәріптегені, сахна төрінде тұрып, Абайдың жырларын нақышына келтіре оқығаны үшін Шекара қызметі директорының, ҰҚК Төрағасының марапатын иеленіп, сержант шенін таққан. Тағы да 2010 жылы Қазақстан Ұлттық телеарнасының «Тапқыр достар» бағдарламасына қатысып, оңтүстік астанадағы Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің болашақ филологтарымен сайысқа түсіп, оларды тас-талқан етіп жеңіп кеткені үшін жүргізуші Арман Дүйсеновтың «Жаннет, сіз секілді тағы он Жаннет болғанда керемет болар еді!», дейтінін қалай ұмытарсың!..

Міне, осылай. Осы бір қазақшасы судай балқар қызы туралы тағы да жаза түскен болар едік, алайда газеттің өлшеп берілген беті аздық етеді. Сондықтан, біз алдағы уақытта Жаннет жайлы «Шекарашы» журналында еркін қалам тербеуді шештік... Өзге жас шекарашыларға үлгі ету үшін!..

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
 Суретті түсірген автор.

МАМАН

ЖАУЫНГЕРЛІК ШЕБЕРЛІК ПЕН АДАЛДЫҚ

Алматының іргесіндегі шекаралық бөлімде аспанға әуелей ұшқан құстардың дауысы тыныштықты бұзып тұр. Соның салдарынан әлдеқайдан мазасыздықтың лебі есіп тұрғандай болды. ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» шекаралық бақылау басқармасының шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы сержант Марат Жолымбетов тәуліктің кез-келген уақытында әскери міндетін атқаруға дайын тұратын шекара сақшысы. Міндеті – елдің шекарасын қорғау, заңсыз әрекеттерді дер кезінде анықтап, Отанды сыртқы қауіптен қорғау.

Мараттың әскери қызметке деген қызығушылығы, осы жолда адал қызмет етуге күш берді. Жас кезінен армандаған әскери өмірді шекарашылар сапында жалғастырды. Қаратал ауданындағы Үштөбе қаласында мектеп бітіріп, Алматы темір жол академиясын аяқтаған Марат Мақсатұлы, 2009 жылы 6505Б әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметін өтеді. 2014 жылы 2010 әскери бөліміне келісімшарт бойынша әскери қызметке тағайындалды. Бала күнгі арманына жету үшін талмай еңбек етті. Әскери киім киіп, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ол үшін ең үлкен мәртебе болатын.

Шекаралық бақылау – тек шекарадан өтіп бара жатқан адамдар мен көліктерді тексеру ғана емес, сонымен қатар заңға қайшы іс-әрекетті анықтап, елдің қауіпсіздігін қорғау.

Сержант Марат Жолымбетов қызмет барысында мыңдаған адам мен көліктерді тексерді. Алайда, сол бір күнгі кезекті тексерісте ерекше оқиға орын алды. Көрші ел азаматының құжаты сақшыға бірден күдік тудырды. Шекара сақшысының тәжірибесі мен шеберлігі қолына түскен құжатты тереңдетілген түрде тексеруге итермеләді. Нәтижесінде құжаттың жалған екені айқындалып, жат елдіктің шекарадан заңсыз өтіп кетпек болғаны белгілі болды. Сонымен



қатар, тексеріс барысында шетелдік азаматтың шын мәнінде қауіпті ұйымға қатысы бар екені анықталды. Бұл жайт сержант Марат Жолымбетовтің жауынгерлік шеберлігінің жоғары екенін тағы да дәлелдеді. Нәтижелі қырағылықтың арқасында шекара сақшысы «Шекара қызметінің үздігі» медалімен марапатталды.

Марат Мақсатұлының ұстанымы – ел алдындағы қасиетті борышын адал атқару. Әскери қызмет – ол тәртіп пен жауапкершілікті, сондай-ақ еліне деген махаббатты талап етеді. Сондықтан да ол үнемі білімі мен шеберлігін арттырып отырады.

Сержант Марат Жолымбетов бос уақытын отбасымен табиғат аясына шығып, тынығуды ұнатады. Жұбайы Фатима мен үш баласы – Айсұлу, Айару, Алихан – оның өмірінің мәні. Отбасын бауырмалдықпен тәрбиелеп, балаларын жақсы адам болуға, өз елін мақтан тұтуға үйретуге тырысады. Мараттың ойынша, өмірдегі ең маңызды нәрсе – отбасына деген қамқорлық, балаларға жақсы өке болу, Отанға адал қызмет!

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
 «OS-ЧР».
 Сурет шекара бөлімшесінен.

ТАЗАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Даму мен үнемі қимыл-қозғалысқа толы әлемде өз жұмысы байқалмайтын, бірақта соған қарамастан міндеттері маңызды адамдар бар. Олардың қатарына — шекарашылардың қызметтік бөлмелерін тазалаушы, шаруашылық қамтамасыз ету тобының штаттан тыс қызметшілері де жатады.

Сондай еңбекқор жұмысшылардың бірі Асия Гумаровна. Ол 1966 жылдың 8 тамызында Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Жайсан ауылында дүниеге келген. Қаратоғай ауданындағы 10 жылдық мектепті 1984 жылы аяқтап, Ақтөбедегі «Техникалық байланыс» колледжіне оқуға түсті. Студенттік кезінде спорттық, пән аралық олимпиадаларға қатысқан. Жүлделі орындарды иеленген.

Қазіргі таңда 2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін, 15 жылдан астам уақытын ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің тазалығының сақталуына өз үлесін қосып келеді. Тазалықты сақтау — қарапайым, бірақ қажетті мамандық деп санаған ол, өмірін өзгерткен шешім қабылдады. Бірінші күннен бастап өз міндеттерін толық жауапкершілікпен орындады. Әр бұрыш, әр кабинет жылтырап тұруы керек еді.

Оның еңбегі көбінесе «перде артында» қалатын болса да, шекарашылардың қызметінен маңыздылығы кем емес. Асия Уракованың ойынша, «Тазалық — тек тәртіп емес, сонымен бірге әскери қызметшілердің жұмыс өнімділігі мен көңіл-күйіне ықпал ететін жайлы ортаның кепілі. Адамдар таза бөлмеде қызметтерін орындағанда көңілдері көтеріңкі, таза ауамен демалып жақсы жұмыс жасауларына септігім тиетіндігіне қуанамын» - дейді.



Ол барлық қызметшіні аты-жөнімен біледі, олардың қал-жағдайларын сұрап, айналасындағыларға жүзінен жылы шуақты шашып жүреді. Оның мейірімділігі мен тазалыққа деген ұқыптылығы Департамент мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Қызметтестер оны тек еңбексүйгіштігі үшін

емес, сонымен бірге адамгершілігі үшін де қадірлейді. Ол — әріптестерінің «жан дүниесі», әрқашан кеңес немесе қолдау сұрауға болатын тұлға.

Асия Гумаровна Департамент қабырғасында болған көптеген оқиғаларға куә болды. Ол бөлім командирлерінің ауысқанын, бұрынғы лейтенанттардың майор және подполковник атағын алғанын, әскери бөлімнің мәртебесі өзгергенін көрді. Ол Департамент тарихындағы әрбір маңызды күн мен шешуші сәтті, Шекара қызметі арқылы танысқан әр адамды есінде сақтап қалды.

Алғашқы қызметшілердің бірі болған Асия Гумаровнаның еңбексүйгіштігі, жауапкершілігі, жылы жүрегі айналасын рухтандырады. Бәрі біледі: осындай адамдардың арқасында ғана Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті тазалық жөнінде уақыт талаптарына сай сәтті жауап бере алады.



Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген
автор.

СЛУЖИТЬ РОДИНЕ - ДЕЛО ВСЕЙ ЖИЗНИ

Погоны сняты, но дух военной службы остался навсегда. Алмабике Ахметова — одна из тех, кто, выйдя на пенсию, не ушла в тень. Более 20 лет своей жизни она посвятила охране государственной границы, а сегодня продолжает трудиться в Департаменте Пограничной службы КНБ по Костанайской области в статусе гражданской служащей.

Ее имя хорошо известно в Костанайской области — как среди ветеранов, так и среди молодого поколения пограничников.

Алмабике Ахметова родом из села Уркаш Камыстинского района, с юности отличалась целеустремленностью. В 1998 году она окончила Костанайский государственный университет по специальности «преподаватель истории». Сначала была педагогическая работа, но в 2003 году судьба круто изменила ее направление — она была призвана на военную службу и начала карьеру в Военном институте КНБ.

— Я никогда не боялась трудностей. Наоборот, они всегда закаляли характер. Когда пришла в армию, многие удивлялись — мол, как женщина с гуманитарным образованием будет служить? Но я знала: справлюсь, — вспоминает Алмабике.

Служба оказалась насыщенной и требовательной. Она прошла путь от старшего техника до заместителя начальника отделения пограничного контроля авиационного направления, а также служила

старшим офицером управления охраны границы. В каждом назначении проявляла инициативу, строгость к себе и уважение к подчиненным.

После выхода на заслуженный отдых в октябре 2023 года, она не смогла усидеть дома. Сегодня она продолжает трудиться в Департаменте ПС в качестве служащей. С молодыми сотрудниками делится богатым опытом, помогает в организационной работе, участвует в патриотическом воспитании.

Алмабике Ахметова воспитывает дочь, которой передает главные жизненные принципы: быть честной, сильной и преданной своей стране.

Именно такие люди, как Алмабике Ахметова, формируют опору нашей безопасности. Их опыт, преданность и жизненная сила — это та невидимая, но неоценимая основа, на которой держится служба.



Лейтенант
Н. САКЕН,
«OS-ЧР».
Фото из
личного архива
А. АХМЕТОВОЙ.



ДӘММЕН КӨМКЕРІЛГЕН АДАЛДЫҚ

Асханада қазанда қайнаған дәмдеуіштер қосылған сорпаның иісі шығып тұр. Темір үстелдің үстінде жылдам қозғалған өткір пышақпен бірде көкөніс ұсақталса, бірде жаңа піскен ет туралады.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Көксу» шекара бөлімшесінің аспазы қызметшісі Мукарям Умарова тамақ дайындап жатқанда уақыттың өзі тоқтап қалғандай көрінеді. Жылдам қозғалысымен ас мәзірін тез ері дәмді қылып дайындайды.

— Жиырма минуттан соң таңғы ас. Бәрі дайын болуы керек, - деді ол күбірлеп, табадағы жұмыртқаға сәл ғана тұз сеуіп жатып.

Мукарям Файзуллақызы үшін бұл - жай ғана тағам әзірлеу емес, сарбаздарға деген қамқорлықтың, Отан алдындағы адал борыш. Сондықтан да асхананың ішінде әрқашан бір жылылық бар. Ол жылылықтың Мукарям апайдың мейірімінен тарайтыны сөзсіз.

Жасы алпыстан асса да, қимылы ширақ. Қырық жылға жуық еңбек жолы маңдай тер мен табандылыққа толы. Мәскеуден алған суретші дипломымен ешқашан масаттанып көрген жоқ. Ол үшін ең үлкен туынды — қара қазанында піскен тағамына деген сарбаздардың разылығы.

— Сендерге күш керек! Шекара күзетіне шығасыңдар. Қарындарың аш болса, қызметте де қырағылық таныту оңай болмайды, - деп күлімдейді Мукарям апай шекарашыларға.

Аспаздың тәттілеп дайындаған мәзіріне риза болған жасыл күнқағарлылар болса:

— Апай, сіз дайындаған тамақтың барлығы дәмді. Дәл сіздей дәмді тамақты ешкім дайындай алмайды, - дейді.

Иә, өз ісінің шебері атанған аспаз мұндай сөздерді көп естиді. Бұл жай ғана мақтау емес, сақшылардың шын жүрегінен шыққан лебіздері.

Мукарям Файзуллақызы жас кезінде тәрбиеші де, тігінші де болып қызмет жасады. Отбасын құрып, үш бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде тоғыз немеренің әжесі. 1998 жылдан бері Шекара қызметінде жұмыс жасап жүр.

Өткен жылы шекара басқармасының 100 жылдығына арналған мерекеде ол арнайы медальмен марапатталды.

Қызметші Мукарям Умарова - сырт көзге қарапайым аспаз болғанымен, ал шын мәнінде шекараның тыныштығына үлес қосып жүрген қайраткер. Жүрегінде - Отанға деген адалдық, көкірегінде - мейірім мен тәртіп.

Подполковник **М. ҚАРЕКЕНОВ,**
«OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ДАБЫЛ ҚАҒЫЛСА - ЖОЛҒА ДАЙЫН!

Жер түндігін түре таң ата бастаған шақ. Шекара бөлімінде таңғы қарбалас. Әскери көліктің есігі сарт етіп ашылып, ішінен ефрейтор Денис Чумичкин түсті. Ол жолға дайындықты тағы бір тексеріп, көлік капотын ашты. Күнделікті үйренген дағдымен моторға көз жүгіртіп, май деңгейін тексерді....

Денис бала күнінен көлік жүргізуге қызықты. Әкесінің жүк көлігіне мініп алып, рөлді арлы-берлі ойқастата бұрып, жолға телміретін. Бірақ ол кезде бұл тек балалық әуестік еді. Ал қазір - үлкен жауапкершілік. Ол енді Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты Дархан шекара бөлімінің аға жүргізуші лауазымында қызмет атқарады.

1990 жылдың 1 тамызында Қостанай облысы, Арқалық қаласында дүниеге келген Денис орта білім алып, кейінірек техникалық қызмет көрсету және автокөлік жөндеу саласы бойынша арнайы мамандықты меңгереді. Сонымен қатар, ол төртінші дәрежелі дәнекерлеуші мамандығын да игерген. Ауыл баласы ретінде еңбекке ерте араласып, шеберханада көлік жөндеп, бояу-молярлық жұмыс-

тарды атқарып, техниканың тілін терең меңгере түседі.

Отбасын бірінші орынға қоятын Денис – сүйікті жар, қамқор әке. Жұбайы Виктория – жоғары білімді педагог, №2 жалпы орта мектепте ұстаздық етеді. Екеуінің қуанышы мен үміті – 2017 жылы дүниеге келген Валерия есімді қыздары бүгінгі күні мектеп табалдырығын аттап, 2-сыныпта білім алып келеді.

Денистің Шекара қызметіндегі жолы 2021 жылдан басталады. Алғашқы қызметін «Қосак» өткізу пунктінде кіші бақылаушы-жүргізуші ретінде бастайды. Ал 2024 жылы «Дарқан» шекара бөліміне ауыстырылып, аға жүргізуші қызметіне тағайындалады. Қызмет барысында өзін техниканың тілін жетік меңгерген білікті маман ретінде көрсете біледі. Ол әрдайым өзіне бекітілген қызметтік көлігін мұқият күтіп, әр сапарға мінсіз етіп дайындайды. Қозғалтқыштың

жұмысынан бастап, әрбір тетігіне дейін қадағалап, көлігінің әрқашан сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады. Осы қасиеттерінің арқасында Денис 2024 жылы Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінің «Үздік жүргізушісі» атанады.

Алайда жүргізуші болудың жауапкершілік жүгі ауыр. Себебі: жол қателікті кешірмейді. Көлігіне мінген әр жолаушының өміріне жауапты екенін Денис жақсы түсінеді.


....Көліктің моторы ақырын ғана гүрілдеп тұр. Денис есікті жауып, көлікке жайғасты. Алда тағы бір сапар. Ол газды басып, алысқа көз тастады. Ендігі оның мақсаты қызметтік көлігіне мінген шекарашыларды межелі орынға қауіпсіз әрі дер кезінде жеткізу.

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».
 Сурет департаменттен.



ЕЛЕУЛІ СӘТТІҢ КЕЗЕҢІ – ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ

Мағыналы ғұмырдың бір белесі – зейнет жасына жетіп, құрметті демалысқа шығу. Әр адамның өзіне тән өмір жолы, тыныс-тіршілігі болады.



аралығында Зайсан қаласындағы Казсельхозтехника зауытында жұмыс жасайды, 1991-2002 жылдары Зайсан автопаркінде дәнекерлеуші болып жұмыс істеп, ол ұйым тарап кеткен соң, Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қызметке орналасады. Міне, сол уақыттан бері адал еңбегімен, жауапкершілігімен шекарашылармен бірге жұмыс істеді.

Шекара бөлімдері мен шекара бөлімшелеріне жедел дәнекерлеу жұмыстары қажет болған жағдайларда шығып, қазандық, құбыр жөндеу, дәнекерлеу жұмыстарын жасап, сонымен қатар жастарға да үйретті. Кенжехан аға сабырлы, қарапайым және еңбекқорлық қасиетімен ерекшеленді. Әр ісін сапалы жасауға, әр іске мұқият қарауға үйренген. Ерен еңбегімен дараланған еңбек иесі К. Баелов сан мәрте басшылықтан марапатталған.

1984 жылы жұбайы Бақытгүл Қасымжановамен отау құрып, қазіргі уақытта берекелі шаңыраққа айналды. Жанұясында үш бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ұлы мен екі қызынан 9 немере сүйіп отырған бақытты әке, немерелерінің сүйікті атасы.

Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметші Кенжехан Айтханұлын шекара басқармасының басшылығы және ұжымы құттықтап, салтанатты түрде шығарып салды. Шекара басқармасының шаруашылық саласына сіңірген еңбегі үшін, Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы полковник Е. Ибраевтың алғыс хатымен марапатталды.



Майор Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
 Сурет ШҚО бойынша департаментінен.

Бүгінгі мақаламыз зейнеткерлік жасқа жетіп отырған «Еңбек адамына» арналады. Мақаланың арқауы Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасында шекарашылармен бірге иық тіресе қызметтес болған шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінің жұмысшысы газ электр дәнекерлеуші Кенжехан Айтханұлы Баелов туралы болмақ. Ол әскери киім кимесе де, иығына шен тақпаса да мемлекеттік шекараның күзетілуіне өз тарапынан үлесін қосты. Қызметкер Кенжехан Айтханұлы шекара басқармасында 22 жылдан астам уақыт жұмыс істеді, бүгінгі күні зейнеткерлік жасқа жетті.

Ол шығыс өлкесінің Зайсан қаласының тумасы, М. Ломоносов атындағы орта мектебінен білім алып, Зайсан кәсіби-техникалық училищесіне оқуға түседі, 1980-1982 жылдар аралығында әскери борышын өтеуге Германияға аттанады, жауынгерлік борышын өтеп еліне оралған соң 1983-1991 жылдар

НАДЕЖНЫЙ ФУНДАМЕНТ ПОВСЕДНЕВНОЙ СЛУЖБЫ

В Пограничной службе КНБ важную роль играет гражданский персонал. Именно благодаря труду, опыту и ответственности этих специалистов успешно выполняются многие сложные задачи, а также передается профессиональный опыт молодому поколению стражей границы.

В Управлении снабжения «Актау» одним из таких специалистов является служащая Айттикешова Тамара Хамзиевна, которая более 20 лет трудится в пограничном ведомстве.

Свою профессиональную деятельность Тамара Хамзиевна на начала в воинской части 2025 в должности заведующей складом ракетно-артиллерийского вооружения. Позднее отвечала за эксплуатацию жилых помещений, а сегодня работает на складе вещевого имущества, где ведет учет и выдачу обмундирования и снаряжения как для личного состава управления, так и для всего Актауского гарнизона.

По словам начальника управления, полковника Анатолия Карелова, за все время службы Тамарой Хамзиевной не было допущено ни одного нарушения по линии материального обеспечения:

«Она – специалист с высокой степенью ответственности. Работа на складе требует точности и системности. Тамара Хамзиевна не только строго соблюдает порядок хранения, но и своевременно обеспечивает формирование поставок, благодаря чему воинские подразделения Западного региона полностью обеспечены необходимым имуществом. Это человек, на которого можно положиться. Склады под ее ответственностью отличаются образцовой чистотой и четкой организацией: все имущество хранится по типам, размерам и видам, в строгом соответствии с нормативами. Претензий по качеству или количеству со стороны частей не поступало», — делится офицер.

Коллеги ценят Тамару Хамзиевну за трудолюбие, честность и внимательное отношение к людям. За годы службы она неоднократно поощрялась благодарственными письмами и грамотами. В 2014 году она получила звание «Лучший заведующий складом».

В завершение хочется подчеркнуть, что гражданский персонал Пограничной



службы КНБ является важным звеном в обеспечении бесперебойной и качественной работы всей системы ведомства. Их вклад – это надежный фундамент, на котором держится повседневная служба.



Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР».
 Фото подполковника Б. САПАРАЛИЕВА.

КӨРІНБЕЙТІН ТІРЕК – КӨРНЕКТІ ҚЫЗМЕТ



Қазақстан Республикасының Абай облысы, Жарма ауданы, Жаңғызтөбе кентінде орналасқан ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Жаңғызтөбе» жабдықтау басқармасында жауапты міндетті атқарып жүрген қатардағы жауынгеріміз – Дүйсенғалиев Нұрдаулет Дәуренбекұлы. Ол – құжаттамалық қамтамасыз ету тобының жауапты орындаушысы. Көзге көрінбегенімен, ұйымның бүкіл тәртібі мен үйлесімділігін ұстап тұрған маңызды бағыт – дәл осы құжаттармен жұмыс істеу жүйесі.

Нұрдаулет Дүйсенғалиевтің негізгі міндеті – іс жүргізу жүйесін ұйымдастыру, құжат айналымын ретке келтіру, кіріс-шығыс хаттарды тіркеу, мұрағат ісін жүргізу және басшылықтың бұйрықтары мен шешімдерін сапалы дайындап, таратуды ұйымдастыру. Ол атқарып жүрген құжаттамалық қамтамасыз ету жұмыстары мекеменің тиімді, заңға сай әрі жүйелі жұмыс істеуінің негізі болып табылады.

Құжаттармен жұмыс – тәртіп, жауапкершілік және мұқияттылықты талап ететін сала. Әскери құрылымда әр құжаттың өз орны, маңызы және қауіпсіздік деңгейі бар. Қателікке жол жоқ. Әр құжаттың нақты формасы, мазмұны мен

тіркелу тәртібі бар. Сондықтан Нұрдаулет әр ісін шынайы ықыласпен, жоғары жауапкершілікпен атқарады.

– Бұл жұмыс сырт көзге қарапайым көрінгенімен, әрбір әрекет нақты тәртіпке бағынады. Бір әріптік қате, бір тіркелмеген құжат үлкен мәселе тудыруы мүмкін. Сол себепті мұнда жеделдік, сабыр мен психологиялық төзімділік қажет, – дейді Нұрдаулет өз қызметі туралы.

Қиындығы мен жауапкершілігі мол бұл салада ол кәсіби біліктілікпен қатар, өмірлік маңызды қасиеттерді де қалыптастырған. Уақытпен жүру, бұйрықты бұлжытпай орындау, тәртіпке бас ию – Нұрдаулеттің күнделікті ұстанымы. Бұл әскерден ғана емес, өмірден де алған сабағы.

Ол болашақта өзінің біліктілігін арттырып, құжат айналымы мен ақпараттық

қауіпсіздік саласында жоғары лауазымға көтерілуді көздейді. Басқарушылық қабілетін дамытып, болашақта офицерлік жолға түсу – оның негізгі армандарының бірі.

– Әскер – тек мамандық емес, бұл – Отан алдындағы борыш. Бұл орта маған жауапкершілікті, тәртіпті, сабырды үйретті. Әр адам өз саласының шебері болса, мемлекетіміз де мықты болады, – дейді ол.

Жауапкершілігі мол жұмысын мінсіз атқарып жүрген Нұрдаулет Дүйсенғалиев – жас буынға үлгі боларлық әскери қызметкер. Оның еңбегі – Отан шебіндегі тыныштық пен тәртіптің көрінбейтін, бірақ аса маңызды тірегі.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ШЕКАРА ТЫНЫСЫ — ЖҮРЕКПЕН СЕЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТ

Шекара қызметіне барған бойда әскери тәртіп пен жинақылықтың ерекше атмосферасы сезілді. Әрбір қызметкердің әрекеті нақты, әр сөзі өлшеніп, ойластырылып айтылатын тәртіп — бұл құрылымның айнымас болмысы. Бірақ бұл жолғы сапарымызда біз тек шекарашылардың тактикалық қызметімен ғана емес, сонымен қатар олардың медиа және ақпараттық құрылымымен де таныстық. Мен үшін ерекше әсер қалдырғаны — Шекара қызметінің типография және журналистикалық қызметімен танысу сәті болды. Мұнда шекаралық өмір жайлы арнайы ақпараттық бюллетеньдер, деректі журналдар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар мен әскери-патриоттық бағыттағы басылымдар дайындалады. Қызметкерлер бізге шекарашылардың өмірін, оқиғаларын, ерлік әрекеттерін баяндап отыратын «Отан сақшысы – Часовой Родины», «Шекарашы» атты ведомстволық басылымды көрсетті. Бұл газет-журналда журналистика мен әскери тақырыптың ерекше симбиозын көрдік. Әр мақаладан сарбаздың бейнесі ғана емес, олардың ішкі рухы, борышқа деген көзқарасы

сезіліп тұрады. Типография бөлімінде түрлі деңгейдегі өнімдер дайындалады: күнделікті қолданылатын құжат бланкілерінен бастап, салтанатты грамоталарға дейін. Біз қағаз өндірісінің әскери құрылым үшін қаншалық маңызды екенін түсіндік — мұндағы әр парақ тәртіп пен міндетке негізделген қызметтің бейнесі іспетті.

Әскери журналист ретінде мен үшін бұл — әскери қызметтің тек қатаң тәртіп пен қару ұстаудан ғана емес, сөзбен де, бейнелеу құралдарымен де күрделі әрі нәзік жұмыс екенін ұғындырған сәт болды. Ақпараттық қауіпсіздік, дұрыс баяндау, факт пен шындыққа негізделген журналистика — мұның бәрі Шекара қызметінде өз деңгейінде жолға қойылған. Бұл сөз менің ойымда терең із қалдырды. Себебі журналистика — шындықты жеткізу ғана емес, ел мен ұрпақтың рухын тәрбиелеу құралы. Ал шекара — сол рухтың шебінде тұрған берік қорған. Бұл сапардан кейін мен әскери тақырыпта жазудың жауапкершілігі өлдеқайда жоғары екенін түсіндім. Әр сөз — сарбазға, әр сөйлем — елдің қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

МҰСАБЕК ЕРНҰР,
ЕҰУ Әскери кафедрасының
116 оқу взвод студенті.

Біз — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедра студенттері — бүгінгі күнді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне арнадық. Бұл сапар мен үшін тек болашақ офицер ретінде емес, журналист ретінде де үлкен тәжірибе болды.



КӨНІЛ АЙТУ

ҰҚК Шекара қызметінің ардагері, запастағы прапорщик Айтжанов Нұрғали Бақытқалиұлы 51 жасында дүниеден өтті. Нұрғали Бақытқалиұлы 1974 жылы 26 қаңтарда Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Сарысай ауылында дүниеге келген. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Еңбекке баулу және сызу мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Ол өз өмірін Отанға қызмет етуге арнады. 2002 жылдан бастап ҰҚК Шекара қызметі қатарында Ақтөбе шекара жасағында мемлекеттік шекараны күзетуге жиырма жылдан астам уақыт беріп, қызметін бастады. Үлгілі қызметі үшін II және III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», сондай-ақ II және III дәрежелі «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» медальдарымен марапатталған. Еңбек сіңірген демалысқа шыққаннан кейін Ақтөбе облысы бойынша «Застава тарландары» РҚБ филиалының құрамында белсенді қоғамдық қызметін жалғастырды.

Сондай-ақ, Н.Ф. Алдаевтың ағасы Фархат Файзрахманұлы Алдаевтың 74 жасында және 46 жасында отставкадағы капитан, ҰҚК ШҚ ардагері, Қызылорда, Мақаншы және Павлодар шекара жасақтарында қызмет өткерген Бейбітбек Арзымбекұлы Мадединовтың қайтыс болғаны туралы өкінішпен хабарлаймыз. Нұрғали Бақытқалиұлы, Фархат Файзрахманұлы және Бейбітбек Арзымбекұлы туралы жарқын естелік туыстарының, жақындарының, әріптестерінің және осы лайықты адамдарды білетін және құрметтейтін барлық адамдардың жүрегінде мәңгі қалады.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodrap@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нұрғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов,
Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов,
Айдос Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Жетісу - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Уральск - Келбай Айжан

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр,
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген. Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

АВТОМАТ МУКАТАЯ БАЙКАЗАКОВА

Встречаются в годы войны в лесу пятеро вооруженных автоматами солдат и незнакомец. Те просят у него закурить. Тот отвечает: дам пачку махорки за... автомат. Те переглянулись, что, мол, будем делать, потоптались на месте, повздыхали, курить-то очень хочется. В конце концов один из них снимает с плеча автомат... Довольный удачной сделкой, тот выкладывает не одну, а две пачки махорки и за свою щедрость получает дополнительно две коробки патронов. Пятеро – это были танкисты, идущие в тыл за новыми машинами, а одинокий боец – наш земляк Мукатай Байказаков.



Случилось это в начале войны, когда автоматов не хватало, а махорка ценилась почти как валюта. Мукатай Байказаков, сам некурящий, был редкостью на фронте не только по этой части, но и по силе духа. Родился он в селе Казнаковка (ныне Кулынжон) Восточно-Казахстанской области, где и прожил всю жизнь. Ушел из жизни в 2009 году, на 88-м году жизни.

Мне довелось слушать такой эпизод фронтовой жизни из уст самого Мукатай ата в обстановке, когда дружеский и искренний интерес окружающих вызывает откровенность даже у скрытного и скромного молчуна.

Старый воин еще был бодр, хорошо помнил детали своего фронтового и трудового прошлого.

В 1939 году, чтобы оказаться подальше от аульных «шариковых», пытался уйти в другой колхоз. Без паспорта никуда не примут – тогда и придумал: продал воз камыша, купил «четушку» спирта, и с ее помощью получил заветную печать. Приняли его в «Червонный казак» через комсомол, по слову председателя колхоза Порохова – «Товарищ Сталин говорит, надо принять, мы его примем, скоро он пойдет в армию...».

В армию призвали его 31 декабря 1941 года. На конных санях до Усть-Каменогорска добирался 5 дней, в Алма-Ату приехал поездом. Здесь выдали солдатскую форму, а свою одежду отправил почтой домой – в ней младший брат призвался в армию. Он погиб при освобождении города Риги.

Летом 1942 года прибыли на подмосковный фронт, на Калининское направление в составе 100-й бригады, сформированной в Алма-Ате, и вступили в бой в составе 82-го артиллерийского дивизиона, состоящего из пушек калибра 45 мм.

За три месяца непрерывных боев от бригады осталось не более роты солдат – настолько потери были большими. В сызном ноябре погибли из расчета двое, а его ранило в руку, осколок застрял в правой ладони. Раненый пришел в землянку к санитарам, а она разбомблена, кругом лежат мертвые и раненые, среди убитых узнал земляка из Курчума. Пришлось идти в полевой госпиталь. Пришел – а медиков нет. Разделся, затопил печку-буржуйку и уснул. Утром осколок удалили.

После госпиталя его определили в дорожно-экспедиционный полк, где он занимался сопровождением боеприпасов до передовых позиций. Именно тогда и произошел случай с обменом автомата на махорку.

Пришел с автоматом к старшине сдавать винтовку – тот велел сдать и автомат. Но замполит разрешил: кто что добыл – тем и сражается. С этим автоматом он и закончил войну под Берлином.

После войны – 35 лет непрерывной работы в колхозе. В 1981 году – на пенсию. Удостоен ордена «Знак Почета».

Такие были воспоминания ветерана о войне. Он не оперировал высокими понятиями о патриотизме, долге, любви к своему народу... Но эти высокие, благородные чувства незримо присутствовали и вышались таких людей, как ветеран войны и труда Мукатай Байказаков.

Подполковник запаса
М. БАГИДОЛДИН.

«ИӘ, БӘРІ РАС. БӘРІ СОЛАЙ...»

Күндей күркіреп өте шыққан Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына да 80 жыл! Өкінішке орай, қазақстандық жеңімпаз жауынгер аталарымыз бен апаларымыздың қатары қатты сиреп қалды. Өзіңіз ойлаңызшы, соғысқа 18 жасында аттанған сондағы жас жігіттің өзі қазір 102-де... Осындайда, Мұқағали ақынның:

Немене жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр,
Енді қайтып келместің кемесіне,
Кезек күтіп әнекей жағада тұр, – дейтін өлеңі еске түседі...



Иә, Мұқаң айтпақшы, «қайтып келместің кемесіне мініп кеткендерге тірілердің көрсетер құрметі жалғаса береді. Көзі тірілерді де ұмытпалық! Біз ұмытсақ, мұнымызды тарих көшірмейді!»

... ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастамасымен, «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына – 80 игі шара» акциясы қызу жүріп жатқанын осыған дейін

әскерге алынып, өзінің азаматтық борышын екі елдің арасын бөліп тұрған шекараның бойында өтейді. Мұнда ол өзі секілді жауынгерлермен бірге шекара мен шекаралық бағандарды қайта қалпына келтірумен айналысады.

Он бес жасында басталған соғыс туралы ардагердің айшықты деген оқиғалары жоқ, есесіне, ол 1945 жылдың 9 мамырын аспанға оқ атып қарсы алға-

«Атамеке» аудандық газетіне жариялаған шағын мақаласында былай деп түйіндейді.

«...Бүгін сіздерге ерлік пен батырлықтың жарқын үлгісі болған адам жайлы бірнеше сөз айтқым келеді. Уколов Михаил Иванович – Ұлы Отан соғысының ардагері, қиын-қыстау заманды бастан өткізіп, Жеңіспен оралғандардың бірі.

Михаил Ивановичті «Қарғалы» шекара бөлімшесі өзінің қамқорлығына алған. Біз оның жанында болып, қолдау көрсетуге мүмкіндік алғанымызды мақтанш етеміз. Себебі, мұндай жандардың ерлігін еске алып қана қоймай, оларға шын жүректен қамқорлық көрсету – біздің парызымыз.

Біз Михаил Ивановичке тұрақты түрде материалдық көмек көрсетеміз – азық-түлік, қажетті заттар және тұрмыстық қолдау ұсынамыз. Бұл – еліміздің бейбіт болашағы үшін күрескен буын алдындағы борышымыз.

Михаил Ивановичтің жүрегін біздің ықыласымыз бен қамқорлығымыз жылытсын, ал алғысымыз тек сөз жүзінде емес, нақты істермен де көрінсін.

Сізге шын жүректен алғыс айтамыз, Михаил Иванович!»

Иә, бәрі рас. Бәрі солай. Бәріміз де көргенбіз. Бәріміздің де есімізде. Бәріміз де осылай сезінеміз. Неге ендеше бәріміз осылай жазбағанбыз?... Осыдан кейін шекарада жүрген жас офицердің жүрегінен шыққан жалын сөздердің шып-шырғасын шығармай, шекарашылардың төл газетіне жариялағанды жөн көрдік. Лайықты болғаны үшін!

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-CP».

Суреттер аға лейтенант
М. БАЯНБАЕВТЫҢ
жеке мұрағатынан.



де аз жазған жоқпыз. Біздің шекарашылардың көзі тірісінде халқының «Намысұлы» атанған Бауыржан Момышұлының қабірінің басына барып, батырдың рухына тағым еткені, жастары 100-ден асқан қос ардагердің шаңырақтарында болып қайтқандары туралы қалам тербеген едік. Ал ендігі кезек атағы алысқа жайылған шекарашы ардагерлеріміз Н.Таратунин және М.Уколов туралы.

Осыдан екі жыл бұрын, 28 сәуірде 100 жасқа толған Николай Александровичтің тарихын шекарашылармен бірге Қарулы күштердің шаһардағы, қала сыртындағы әскери бөлімдерінің жеке құрамдары ғана емес, республика жұртшылығы жақсы біледі. Ал биыл өзіміз ғайыптан «тауып» алған Михаил Уколов туралы ше?

2025 жылдың 11 қарашасында 100 жасқа келетін Михаил Иванович 18 жасқа толысымен

нын мақтаншып аятады. 1951 жылы әскерден босап, Алма-тыға оралған майдангер қашан зейнетке шыққанша Ішкі істер саласында қызмет атқарды.

Қазір ардагер өзінің зайыбы Валентина Ивановнамен бірге оңтүстік астананың орталығында тұрады. Екеуінің шаңырақ көтеріп, бірге тұрып келе жатқандарына биыл 28 маусымда 71 жыл толады. Міне, солай!

Дегенмен, бүгін біз өзіміздің аударымызды «Эссе» деп атауымыздың түп-төркіні тереңде жатыр. Айтатын болсақ, мұның мәнісі мынада.

Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарғалы» шекара бөлімшесі ардагер М.Уколовты өздерінің қамқорлығына алған болатын. Бұл туралы аталған бөлімше бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары аға лейтенант Мәди Баянбаев өзінің